

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 шілдедегі N 940 қаулысына
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 қыркүйек N 1178

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан-Пәкістан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиясының төртінші мәжілісін өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 шілдедегі N 940 Р010940_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне Қазақстан-Пәкістан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиясы төртінші мәжілісінің Пәкістан делегациясы мүшелерінің тұру ақысын төлеуге рұқсат етілсін";

4-тармақтағы "шығыстарын" деген сөзден кейін ", оның ішінде Пәкістан делегациясы мүшелерінің тұруына 596 970 (бес жүз тоқсан алты мың тоғыз жүз жетпіс) теңге сомасында." деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК